

ХАТТАМА № 6

21.05. 2026 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтері мен қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ақтөбе қаласының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдары басшыларымен өткізілген кездесудің №15 хаттамасын таныстыру.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және заңсыз ақша жинауға жол бермеу мәселелері.
3. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі А.Б.Пангереева Ақтөбе қаласының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдары басшыларымен өткізілген кездесудің №15 хаттамасының талаптарымен ұжымды таныстырды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қаржылық тәртіпті сақтау, ата – аналардан заңсыз ақша жинауға жол бермеу, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заңсыз ақша жинауға және салтанатты іс-шараларды мекемеден тыс өткізуге тыйым салу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы

№ 30 "Ұрпақ" бөбекжай – балабақшасы МКҚК-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, заңсыз қаражат жинау фактілерін болдырмау және мектепке дейінгі ұйым түлектерінің бітіру іс-шараларын заңнама талаптарына сай өткізу мақсатында келесі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілгенін хабарлаймыз.

1. Педагогтермен және қызметкерлермен жұмыс:

21.05.2026 жылы балабақша меңгерушісінің төрағалығымен педагогтер мен кіші қызметкерлердің қатысуымен кезектен тыс шұғыл жиналыс өтті. Жиналыста ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптары қатаң ескертіліп, тәрбиешілер мен өзге де қызметкерлерге ата-аналар тарапынан қандай да бір сыйлықтар алуға, ақшалай және заттай жарналар жинауға қатаң тыйым салынды. Әрбір педагог заңсыз ақша жинауға жол бермейтіндігі және лауазымдық міндеттерін адал атқаратындығы туралы айтылды.

2. Түлектердің ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары:

21.05. 2026 жылы мектепке дейінгі ұйымның бітіруші топтарының ата – аналарымен арнайы жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ата – аналарға

келесі мәселелер бойынша шектеулер мен тыйымдар салынғаны туралы ескерту жасалды:

- Сыйлықтар мен жарналар жинауға тыйым салу: Балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілеріне сыйлықтар беруге, сондай-ақ топтарды безендіру, балабақша қажеттіліктері (жөндеу жұмыстары, көрнекіліктер т.б.) үшін ата-аналар комитетінің ақша жинауына мүлдем жол берілмейді.

- Дәмханалар мен мейрамханалардағы банкеттер: Бітіру кештерін балабақша қабырғасынан тыс жерлерде (кафе, мейрамхана, балалардың ойын-сауық орталықтарында) банкет және мерекелік дастархан түрінде ұйымдастыруға қатаң тыйым салынады.

- Автокартеждер мен аниматорлар: Бітіруші балаларға арнап қымбат көліктер желісін (автокартеж, лимузиндер) жалдауға, сондай-ақ мерекеге сырттан ақылы аниматорлар, шоу – бағдарламалар мен жеке агенттіктерді тартуға рұқсат етілмейді.

Жоғарыда аталған жиналыстардың қорытындысы бойынша хаттамалар толтырылды. Мекемедегі бітіру ертеңгіліктері тек бекітілген жоспар шеңберінде, балабақша ішінде ғана өткізіледі. Бұл мәселе әкімшіліктің тұрақты әрі қатаң бақылауында.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. №15 хаттаманың талаптары орындауға қабылдансын.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Ата – аналардан заңсыз қаржы жинауға жол берілмесін.
4. Педагогтер мен ата – аналар арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
5. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауда ұсталсын.

Бұйрық көшірмесі қоса жалғанды.

Менгеруші:  А.Б.Пангереева

Хатшы:  А.Байділдақызы